

МЕНИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБИЕМДЕГІ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ИДЕЯЛАРЫ



ОПЫТ И ИДЕИ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА В МОЕЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ

ӨОЖ 373

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚИТУ

Ахат Қ. З. – Оқу ісі жөнінің меңгерушісі, оқытушы, Қостанай педагогикалық колледжі.
Ерманова А. Б. – гуманитарлық ғылымдардың магистрі, оқытушы.

Мақалада Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесін, еңбектерін, дүниетанымын, көзқарастарын, оның құндылықтарын болашақ ұрпақ игілігіне пайдаланып мектептерде оқыту.

Түйінді сөздер: Оқу, тәрбие, ұрпақ, мекепе, педагог, шәкірт.

«Қырғыз хрестоматиясына» енген шығармаларында шәкірттерге ой салатындай, еңбекке, әдептілікке, мейірімділікке, ата-ананы қадірлеуге, әдет-ғұрып, салт-сананы сіңіре білуге тәрбиелетіндей ауыз әдебиеті үлгілерін кіргізе отырып, оның тәрбиелік, білімдік-танымдық қасиеттеріне ерекше назар аударған. Халықтың Жиренше, Лұқпан хакім, Қара батыр сияқты қалаулы ұлдары жайындағы әңгімелерін қосып, олардың елдің келешегін ойлаған тапқырлық, әділдік т.б. ізгі істерін үлгі етіп ұсынған.

Оқу-тәрбие жұмысында, оқу процесін ұйымдастыруды Ы.Алтынсариннің ерекше назарда ұстанғаны-балаларға кәсіптік мамандық беру мәселесі. «Қазақ халқының экономикалық жағынан өсуі үшін, мектептерді орнықтыру ретінде әлі де көп тиянақтылық керек» деген оймен экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісінде тұңғыш бастама жасаған. Мұны: қолөнер, ауыл шаруашылығы мектебін ашуынан, жалпы білім беретін мектептерде ұл балаларға қосымша ағаш шебері, ұсталық, қыз балаларға өрмек тоқу, киім тігу, киіз басу т.б. кәсіптерге үйретуінен көреміз. Қазақ қыздарына арнап арнайы мектеп ашуының өзі қазақ халқы өмірінде аса маңызды тарихи оқиға болды [1, 168б.].

Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқытуды, негізінен, ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалы оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алады. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда – тіл дамыту, екінші сатыда – әліппе бойынша оқыту, жазу, үшінші сатыда-оқу кітабы бойынша оқу, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін меңгертуде аударма әдісін пайдаланып, екі тілде де еркін сөйлеу, ойлау, жазуын қалыптастырған. Оның негізгі себебі – тілді үйренуді ережеден емес, сөзді үйретуден бастауында екен. Қазіргі жаңа буын оқулығын өмірге енгізуде «Қазақстан Республикасы Білім (2007) мазмұны тұжырымдамасы бойынша базалық оқу жоспарындағы пәндердің рөлі қандай болмақ дегенде, «Қазақ тілі бүкіл пәндерді игерудің негізгі болуы керек, қазақ тілін оқытуда, ең алдымен, тілді өзінің табиғатына қарай, қарым-қатынас құралы ретінде таныту керек» деген тұжырымдар жоғарыдағы ой-пікірлермен үндеседі. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезеңінде Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршеңдігін танытып отыр. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың, білім беруді демократияландыру мен игілентіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, білімнің, ғылымның, өндірістің интеграциялануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау т.б. ұстанымдар осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармашылығында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар, білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналуға. «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәләуға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек» деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты мәселесі [2, 230б.]. Ыбырай дәстүрі осылайша білім мазмұнын, оқыту әдістерін жетілдіруде кең қанат жайып, молыға түсуде. Асыл қазынаға айналған мұралары бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен оқулықтарға еніп, ана тілі, тарих, т.б. пәндер І сыныптан Х сыныпқа дейінгі әдебиет сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарда таныстырылып келеді. Бүгінгі күні маңызды мәселеге айналып отырған отансүйгіштікке, халық дәстүрін қастерлеуге, еңбекке, адамгершілік пен салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге қызмет етіп келеді. Халық педагогикасы саласындағы оның тәлімгерлік ой-маржандарын, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда, үлгі-өнеге ретінде пайдалануда берері көп.

V сыныпта ағартушы ұстаздың алғашқы оқулық құрастырудағы еңбегіне баса көңіл бөлініп, «Мейірімді бала» әңгімесі талданады, новелла туралы ұғым беріледі. Адамгершілік қасиеттің ішіндегі

ең ғажабы мейірімділік екендігін, қазіргі кездегі мейірім тапшылығын түйсініп, саралай білуге үйренеді.

VI-VIII сыныптарда педагог-жазушы екендігі, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаудағы сіңірген еңбегі, қазақ көркем прозасында шағын әңгіме жанрының шебері екендігі, «Өнер – білім бар жұрттар» өлеңіндегі өнер-білімге үгіттеу идеясы, «Залым төреге» өлеңіндегі ел билеушілерін сынға алуы, аударма сипатындағы «Мұңсыз адам» әңгімесінің пәлсапалық мәні (қанағат), этнографиялық очеркі туралы, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына деген көзқарасын, оны ерекше қастерлегенін тануына мүмкіндік берілген. Бұл шығармалардың мәнін, жанрлық ерекшеліктерін, автордың көзқарасын бағалауы үшін, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда ұжымдық оқыту әдісі арқылы өз бетінше, бір-біріне көмектесе отырып, мәтінді өз бетімен меңгерулері, негізгі ойды ажырата білу, жоспар құру білу, ойын жан-жақты жеткізе білу, өзіндік ой қорыту, қосымша материалдармен жұмыс істей білу сияқты белсенді ізденіске жетелеуге болады. Нәтижесінде оқушылар, өзіндік ой айтып, өзінше талдауға, өз көзқарасын қорғауға үйренеді, қосымша деректер, сыныптан тыс оқитын әңгімелер бойынша танымдық ойын, инсценировка жасап, рөлде ойнауға қалыптасқанын, шығармашылық тапсырмалар орындауға бейімделгенін байқаймыз (шағын әңгімелер, шығармашылық көзқарас). Осындай жүргізілген жұмыс нәтижесінен үзінді келтірсек, «Егер мен мұғалім болсам» шығармасында оқушы былай дейді: «Менің еңбегімнің еш кетпесі үшін, менің емес-ау, менің ұстазымның еңбегімнің еш кетпесі үшін, өз шәкірттеріме, ең алдымен: «Өмірді сүй» дер едім. Өйткені ұстазым, ұстаздардың ұстазы Ыбырай ата да солай үйреткен [3, 170 б.]. Өмірдің мәнісі де сонда. Шәкірттің көкірек көзін ашу – ең ұлы іс... Бұл – менің мақсатым да, міндетім де, арманым да болар. Әлбетте, менің ұстазымның да, барлық ұстаздардың да арманы солай...»

IX сыныпта оқушылардың ұлттық рухани санасын, тарихи танымын, адамгершілік-эстетикалық көңіл-күйін қалыптастыруға ықпал ететін шығармалары («Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Балғожа бидің баласына жазған хаты») оқытылып, Ыбырайдың ағартушылық қызметі, оның жазушылық қызметінің ағартушылық идеясына сабақтастығы, әңгімелері, өлеңдеріндегі мазмұн, түр, деңгейі, идеялық, стильдік бірлігі туралы мәліметтер алады. Ыбырай неге әкімшілік қызметті таңдамай, оқытушылықты таңдады? – деген сұраққа жауап іздеуге, осы жолда атқарған істерін таңдауға бағыт беріледі. Іздену жұмыстарының барысында «Дала қоңырауы» аталған тәлімгер ұстаздың «Туған елге пайдалы іске қолдан келгенше үлес қосу – әрқайсымыздың міндетіміз» деуі өмірлік мақсатынан туындағанын, еңбегі туралы айтылған ой-пікірлердің оның тарихтағы орнын бағалауға негіз болатынына көз жеткізеді. Өткен сыныптарда оқылған әңгіме, өлең, хаттар бойынша алған білім, біліктігін жинақтай отырып, ірі блокты сабақ ретінде өткізуге болады. Ондағы мақсат: Ыбырайдың қазақ қоғамын дамытуда педагогтік-ағартушылық, жазушылық өмірінің маңызын ашу, шығармаларының идеялық мәнін талдау арқылы оқушылардың өзіндік көзқарасын, ойлау қызметін, іскерлік дағдысын, шығармашылық ізденісін дамыту. Ыбырай мұраларын жүйелеу арқылы адамгершілік асыл мұраттарды дарыту, өзін-өзі тәрбиелеуге, тануына ықпал ету.

Сабақтарды мүмкіндігінше төмендегіше жүйелеуге болады:

1. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы (семинар сабақ);
2. Ы.Алтынсариннің қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны (көзқарас сабағы)
3. Егер мұғалім болсаң... (іскерлік ойын сабағы).

Алғашқы сабақта «Ыбырай – ағартушы-педагог, Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасының өзіндік ерекшелігі, оған орыс педагогтерінің әсері, Ыбырай әңгімелеріндегі тәрбие мәселесі, Ыбырайдың мектеп, оқулық, мұғалім туралы пікірлері, оның маңызы» деген тақырыптарда баяндамалар тыңдалды. Бір-біріне сұрақтар қойып, пікірлермен толықтырылады. Сабаққа дайындық барысында газет-журнал материалдарды, зерттеу еңбектері, Ы.Алтынсарин шығармалары кеңінен пайдаланылады.

Келесі көзқарас (пікір алмасу) сабағында оқушыларға: «Кім? Қашан? Қалай өмір сүрді? Кім (не) үшін қызмет етті? Қалай? Құралы қандай?»

Арманына жетті ме? Болашағы бар ма?» деген сұрақтар жүйесі, «Тұлғаны қоғам қалыптастырды» деген ойтүрткі сөз ұсынылады. Осы жүйе бойынша, оқушылар топ болып пікір таластырады, өз көзқарасын (қалауы, өз таңдауы бойынша) шығармалары, деректер т.б. пайдалана отырып қорғайды. Яғни, XIX ғасырдың жартысындағы тарихи-әлеуметтік жағдай, рухани, саяси санадағы өзгеріс, әдебиеттегі өрлеу, Шоқан, Ыбырай, Абай, олардың қоғамдағы орны (салыстыру арқылы) жайлы ой қозғайды. Ыбырай мұраларының өміршеңдігі, оның мұраларының бүгінгі күнмен өзектестігінде екенін, адам бар жерде оның тәрбиелік қызметінің болашақта да жалғасын табатынын өздерінше дәлелдейді [4, 140 б.].

Іскерлік ойын сабағында сыныпты екі топқа бөлуге, әр топқа болашақта мұғалім болғысы келетін оқушыларды таңдап қоюға болады. Олар шартты түрде «Бүлдіршіндер» тобына және сыныпта сабақ өткізу мүмкіндігіне ие болды. Олар алдындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бірін ойын түрінде, екіншісін жинақтау-жарыс сабағы түрінде өткізіп, оларға сабақ соңынан сыныптар тарапынан пікір айтылып, талдау жасалады. Бұл сабақ арқылы оқушыларды мамандыққа бейімдеу, шешендік өнерге баулу мақсаты да іске асады. Мұндай сабақтардың тиімділігі, нәтижесі – қорытынды сынақ сабақтары мен жазба жұмыстарында байқалады. Тақырыптық шығармамен қатар, «Мен сізге бас иемін», «Болашаққа хат» атты хат немесе ой толғау түрінде шығармашылық жұмыстар да беруге болады. Мысалы осындай өткізілген жұмыстың біріндегі ой толғанысынан үзінді келтірсек,

оқушы былайша толғанады: «Ыбырай ата!

Сіз артыңызда өшпес із, алдыңызға мәңгілік жол қалдырдыңыз Мен сізді көз алдыма өзен арнасы деп, ал шәкірттеріңізді, яғни, бізді сол арнамен аққан суға балаймын. Сіз – ел үшін бәйтерексіз, біз – сол бәйтеректің жапырағымыз. Талай бүлдіршіннің білімге деген қиялды арманын шындыққа шығардыңыз, оларға жаңа өмір есігін аштыңыз..... XXI ғасырдың табалдырығын аттаған болашақ шәкірттеріңіз де сізге бас иеді, сіздің еңбектеріңізді жалғастырады. Сіздің асқақтаған арманыңыз – қазақ даласында ұран боп, қазақ халқының ұмытылмас асыл мұрасы боп сақталып қала бермек. Ыбырай ата! Біз сіздің болашақтан күткен үмітіңізді ақтаудамыз. Күзгі салқынмен келетін алғашқы қоңырау үнін асыға күтеміз, онда Ыбырай Алтынсарин деген есім міндетті түрде салтанатпен аталады. Ата, мен сіздің асыл бейнеңіз алдында ұмытылмас еңбегіңізге бас иемін!». Осылайша Ыбырай мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал педагогикалық идеяларын ұстаздар арасында насихаттау, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту – бәріміздің де ортақ іс, қасиетті борышымыз.

«Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!»

Алтынсарин творчествосының өзегі болып отырған осынау жыр жолдарын оқушы «Әліппеден» оқиды. Оқушы санасында алғаш рет білімнің, өнердің түсінігі осы өлеңмен беріледі. Қазақ даласында тұңғыш рет білім соқпағын салушы, демократ-ағартушы Ыбырай Алтынсарин творчествосының негізгі арқауы халқын өнер-білімге үндеу болды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары тұңғыш рет мектеп ашып, сол заманның тыныс-тіршілігін өзінің ағартушылық, қоғамдық қызметіне арқау етеді [5,60б.].

Қорытындылай келе: Еліміздің ғалымдары мен педагогтарының алдында әлеуметтік және қоғамдық-саяси маңызы зор үлкен міндет тұр.

Ол – Қазақстан Республикасы білім беру ісінің жаңа парадигмасын жасау. Бұл міндет ғылыми және педагогикалық қауымдастықтардан өткенді бағалап, болашақ даму жолдарын анықтап, оқу-тәрбие үрдісінің барлық құрылымдық принциптерін, әдістері мен тәсілдерін қолдана алу үшін, жан-жақты талдау мен бай педагогикалық мұраны шығармашылықпен пайдалануды талап етеді.

Осы орайда қазақ даласының бір туар азаматы, ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесінің берері мол. Себебі, осыдан ғасырдан астам уақыт бұрын Ы.Алтынсариннің көксеген арманы жалғасын тауып, ұлт тағдырының, ұрпақ тағдырының болашағын меңзейтін мәселелердің бірі – білім жүйесінің ұлттық негізде болып, ал қазақ халқының дамыған елу ел қатарына қосылуы.

Педагогтар қауымдастығының алдында тұрған мәселенің шешімін табудың бір жолы Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесін, еңбектерін, дүниетанымын, көзқарастарын зерттеп, оның құндылықтарын болашақ ұрпақ игілігіне пайдалану болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. **Мусин С.** «Из истории учебно-воспитательной работы Казахской Советской школы Казахской АССР (1920-1936): дис.кан.пед.наук. – Алматы, 1960. – 168 б.
2. **Сембаев А.И.** Очерки по истории казахской советской школы. Алматы, 1958. – 230 б.
3. **Сейталиев Қ.Б.** Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 ж.ж.): пед.ғылым.кан.дис. – Алматы, 1996. – 170 б.
4. **Тажимаев Т.Т.** Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. – Алматы, 1958. – 140 б.
5. **Қалиев С.Қ.** Қазақтың тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. дисс. Авторефераты. – Алматы, 1996. – 60 б.

УДК 371(574):373(072)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ

Бекмаганбетова Г. К. – педагогика ғылымдарының магистрі, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және орта білім бойынша әдістемелік кабинетінің білім мазмұнын қолдау бөлімінің әдіскері.

Дильдибекова Г. А. – педагогика ғылымдарының магистрі, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және орта білім бойынша әдістемелік кабинетінің әдіскері.

Берілген мақалада автор жаңашыл педагог Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өзектілігін көрсетеді. Оның еңбектері мектеп мұғалімдері үшін бағдар екені туралы айтылады. Автор мұғалім қызметінде Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын халықаралық PIRLS зерт-